## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ
**Мектепалды даярлық** сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** **2-апта** 10 - 14 қараша 2025-2026 оқу жылы
**Адал азамат біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы**
**«Апта дәйексөздері»- «Тура биде туған жоқ!»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 10.11** | **Сейсенбі 11.11** | **Сәрсенбі 12.11** | **Бейсенбі 13.11** | **Жұма 14.11** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды қабылдау<br>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау<br>Тазалық шараларын жүргізу.<br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту<br>«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу.<br>Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі? | **Адалдық әліппесі**<br>**«Мейірімді адамдар»**<br>***Ойынның мақсаты:*** «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру,<br>зейін, есте сақтау процестерін дамыту.<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады.<br>Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге<br>мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол<br>менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан<br>кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды<br>толық айтып беруді сұрайды. | | Суретке қарап әңгімеге тарту<br>«Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады.<br>Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау | Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын<br>«Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.<br>Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | **Өнегелі 15 минут**<br>Ата-аналармен әңгіме<br>**Енді баланы дос болуға үйрету үшін бірнеше пайдалы кеңестер:**<br>1. Баланы жаңа балалар қоғамына әкелгенде, балаға қысым жасамауға тырысыңыз және сұрамаңыз, тіпті бәрімен достасуға мәжбүрлемеңіз.<br>2. Кейде дос болу үшін бірге ойнау жеткілікті. Балаға мүмкіндігінше демалуға, бейімделуге және балалардың біреуімен ойнауға мүмкіндік беріңіз.<br>3. Досыңыздың ойыншығын сұрау керек емес, жай ғана сыпайы түрде сұрау керек екенін түсіндіру кере<br>4. Балалардың қарым-қатынасына немесе ойынына араласпауға тырысыңыз. Өзіңізді тек сыни жағдайларда еске түсірген жөн: айқын қақтығыс туындаған кезде. Балаларға эмоцияларды бақылау қиынға соғады, сондықтан кез-келген жағдай қатты реакция тудыруы мүмкін. | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>Бөрік жасырмақ<br>Ойынғақатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол манайына жасырынуы | | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Күзетші**<br>Ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойыншылылардың арасынан екі бала шығарылып, көздері орамалмен байланады да, қолдарынан ұстап, араларын ашып, қарама-қарсы тұрады. Олар күзетшілер. Қалғант ойыншылар білдіртпей олардың қолдарының астынан еңбектеп өтуге тырысады. Ал | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басна және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )** | **керек.Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, кай бұрын алғаны алады.Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып,бөрікке жібермеуге тырысады.Бермеудің жагдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, кай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады.Ал басқалардың кай-кайсысы болмасын бөріктің иесіне кол тигізіп, күш жұмсауына болмайды.Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек.Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да , ойынаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.** | | **күзетшілер өтіп бара жатқан ұрыны сезіп қалса, қолдарымен баса қоюлары керек. Ұсталған ұры күзетші болады. Ойын осылайша жалғаса береді** | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 5** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **« Менің Қазақстаным» ҚР гимні** | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | «Нанға біз тоямыз»<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Теңестеміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орамыз,<br>Нанға біздер тоямыз. | «Көлбең, көлбең, көлеңкем»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайнмен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгінде<br>Бейбіт болсын болашақ |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды<br>Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма | **Математика негіздері**<br>Дөңгелек және сопақша<br>**Міндеті:** Геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;<br>**түсінеді:** дөңгелек және сопақша арасындағы | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеті:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды<br>«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеті:** Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды<br>Сөздермен жаттығулар.<br>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны Педагог балаларға суреттер | **Математика негіздері**<br>Бүтін және фигуралардың бөліктері<br>**Міндеті:** Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**түсінеді:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**қолданады:** сандарды санауды және салыстыра біледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, кант, тұз, шана, сабын, хат, кайык, циркуль, щетка т.б.).<br>Қызыл түсті домалакты көрсетіп, дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, ынк, үтік т.б.)<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс Керек маған тара 1. Заттардың атында естілген н. л дыбыстарының дыбыстық белгілерін кой. 2. Дыбыстык талдау жаса. – Балалар, жұмыс дәптерді ашып, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайык. Балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Тексеру үшін педагог дыбыстық сызбаларды тактаға іліп, балаларды тактада шакырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тактамен тексереді. – Суреттерде не бейнеленген? – Хат, бал, уык. Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді. «Хат» сөзіне дыбыстық талдау. Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. «Бал» сөзінің дыбыстық талдауы | айырмашылыкты;<br>**колданады:** заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні,<br>өлшемі<br>Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№ 1 парақ) анасына сыйлыкка суреттегідей моншак құрастырғысы келді. Моншак сатып алуға дүкенге барды, бірак осы моншактарға ұқсайтын геометриялык фигуралардың атауын білмейді. Балаларды көмектесуге шакырады. – Суреттегі моншактар неден құрастырылған? – Осы пішіндердің калай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талкылайды, дөңгелек, сопакша деп атайды. Педагог бүгін балалардың жаңа геометриялык фигурамен танысатынын айтады.<br>Геометриялык фигурамен танысу: сопакша. Фигураны көрсетеді, бұл – сопакша. Барлығымыз бірге кайталайык: сопакша.<br>Педагог өлең оқиды. Мен сопакпын, мен сопак Ұзартылған домалак . Соным жок, басым жок Енді бірде жапалак. Мен жұмырткамын Мен айнамын Мен, міне, осындай пішінмін. Мен коныз, мен картоп Аякпенен топ - топ – топ.<br>Эксперименттік іс-әрекеті Сопакшаның касиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді | ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалак, жаз, жадыра, жайлау, жалкы, жалбыз, жан, жоқ, жогал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б. «Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалык ойыны – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ...(үлкен), кой ... (арык), домалақ ... ( өрік), жасыл ... (алма), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мыкты ... (экскаватор), ұзын ... (уык), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), дәмді ...(құймак) т.б.<br>«Сөзді буынға бөл» дидактикалык ойыны Педагог кандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалактап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп. | көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалгайды. Мысалы: доп ... (кызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді)т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерді ата. «С» дыбысы кездесетін заттың суретін қорша. Сөздерді буынға бөл. Педагог балалармен бірге тапсырманы талкылайды. 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог тексеру үшін, тактаға жұмыс жасауға балаларды шақырады.Тактаға тіс, көз, кол сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тактадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді. – Балалар, «тіс» сөзінде неше дыбыс, неше буын бар? «Тіс» сөзінің дыбыстық талдауы. «Тіс» сөзінде 1-буын, 3 дыбыс бар | Шеңбердің бөліктерін таратады, бүкіл фигураны бүктеуді сұрайды. Шеңбердің қанша бөлікке киылғанын сұрайды, әр бөлікті қалай атауға болатынын анықтайды.<br>«Пішінді жина» ойыны: қағаз парағына төртбұрыш немесе шеңбер сиякты тұтас пішінді салыңыз, содан кейін оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырыңыз. Балалардан фигураны оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұраңыз. Бұл ойын балаларға бүкіл фигураның бөліктерден тұратынын түсінуге және оларды дұрыс байланыстыруды үйренуге көмектеседі.<br>«Фигураны тап» ойыны: қағаз парағына үшбұрыш, тіктортбұрыш және шеңбер сиякты әртүрлі пішіндердің бірнеше бөлігі салынады. Балалардан осы бөліктерді біріктіргенде қандай фигура пайда болатынын сұрайды. Бұл ойын балаларға әр фигураның кандай бөліктерден құралатынын білуге және оларды тануды үйренуге көмектеседі. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сопақшаның бұрыштары жоқ (сопақшаны саусақтармен ауада сызады). Сопақша тегіс/жалпақ,. Қайталайық: жалпақ/ тегіс. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырады. Педагог тақтада, балалар үстелдерде жұмыс істейді. (Балалардың үстелдерінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы болады.) Фигураны үстелге қояды (сопақшаны қырынан қоюға тырысады). Ол үстел бетіне тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттері туралы айтады? Олар талқылайды, қорытынды жасайды: сопақ, тұрақсыз, тегіс, оның бұрыштары жоқ. Сопақшаға мұқият қарап, оның қандай геометриялық фигураға ұқсайтынын айт? (Дөңгелек, шеңбер.) Педагог тақтаға дөңгелектің суретін іліп қояды. – Сопақша шеңберге несімен ұқсайды? Олар талқылайды, бірлесіп қорытынды жасайды. Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз. Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді болып келеді. – Сонда олар бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Педагог дөңгелекті алып, оны сопақшаға қояды. Сопақшаның қаншалық созылғанын қара. Сопақша қайсысы? Ұзарған, сопақша ұзын. – Сопақша дөңгелек сияқты айнала ма, қалай деп | | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>ойлайсындар?</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу</td></tr>
<tr><td colspan="2">"Үнемді тұтыну деген не?" тақырыбында бейнеролик ұйымдастыру мақсаты - энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</td><td colspan="2">Өткеншек: Электр энергиясын үнемдеу<br>Бейнеролик<br>https://youtu.be/ZZWfXCTTnEo?t=119</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="6">2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td></td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Ең тәтті дүние<br>Міндеті:<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару<br><br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды:әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;<br>Түсінеді: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады<br>Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқу<br>«Таңдап ал да, атын айт».<br>Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді</td><td>Қазақ тілі<br>Күз<br>Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>-Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ү, ұ, і, ғ, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: Күздік киімдер жайында әңгімелесті;;<br>Түсінеді: Күзде табиғатта қандай өзгерістер болатынын түсінді<br>Қолданады Күз жайында өз ойымен әңгіме құрады;<br><br>Мына жоғарғы жақта қандай бейнелерді көріп тұрсыңдар? ОҚУ, ТЕРІМ, ЖЫЛЫ КИІМ.<br>Бұл суреттер нені білдіреді деп ойлайсыңдар? Иә, бұл күз мезгілін сипаттайтын сөздер. Күзде оқу басталады, жиым-терім кезеңі кіреді, жылы киініп бастаймыз.<br>4.4. Балақайлар, айтыңдаршы, төменде көрсетілген суреттердің қайсы күзге байланысты соның жанына дұрыс белгісін қойыңыздар.</td><td>Математика негіздері<br>Доңгелек және сопақша<br>Міндеті Геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктортбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу<br>Күтілетін нәтижелер:<br>меңгереді: фигуралардың атауларын атайды: доңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;<br>түсінеді: доңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты:<br>қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшем<br>«Сана және ата» дидактикалық ойыны.<br>Барлығы қанша шаршы (сопақша, доңгелек.</td><td>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>Қазақстанда өсетін өсімдіктер<br>Міндеті:- - Өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, бау бақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру<br>Күтілетін нәтижелер:<br>жасайды:орманды мекендейтін бірнеше жануарды атап береді.<br>түсінеді:жануарлардың орманда орналасу қағидасын; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ететін ормане байланысын.<br>қолданады:өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, үлгілеу қабілеті<br><br>– Балалар, орман деген не? Онда не өседі? (Интербелсенді тақтадан шыққан суреттерді Қолтауысармен бірге талқылау ұсынылады). 1-слайд. Орман – өте көп ағаш, бұта , шөп, гүл, саңырауқұлақ, жеміс-жидектер өсетін әрі үлкен алқапты жер. Орман – аң мен құстардың қолайлы тіршілік ортасы. Қазақстан ормандары Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында орналасқан. – Ормандарда өсетін өсімдіктерді атаңдар. – Көкжидек, бүлдірген, шетен ағашы жемістері, саңырауқұлақтар. 2-слайд. Қазақстан өсімдіктерінің алуан түрлілігін көрсететін суреттер көрсетіліп, әңгіме жүргізіледі. Балалар әңгіме барысында Қазақстан жерінде өсімдіктердің түрі өте</td><td>Көркем әдебиет<br>Жұлдызды сәт<br>Міндеті: Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: Көркем сөзге қызығушылығы артты<br>Түсінеді: Бір-бірін құрметтеуді түсінеді<br>Қолданады:тапқыр болады<br><br>«Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны<br>Интеллектуалдық ойын барысында берілген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысу. Екі топқа бөліну. Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады. Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады. Ойын бес бөлімнен тұрады: 1. Кім білгір? 2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта. 3. Ойлан, тап. 4. Өнерлі бала өрге жүзер. 5. Көңілді сәт. Бірінші: «Кім білгір?» жарысында сұрақтарға жауап</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.5. Кітапшадағы суретті қарап күзге байланысты әңгіме құрастырыңдаршы.<br>4.6. Екінші суретте қандай киімдер көріп тұрсыңдар, оларды қай кезде, қай жерге киеді.<br> | үшбұрыш)? – Барлығы неше кішкентай шаршы (сопақша, дөңгелек)? – Барлығы қанша үлкен шаршы (сопақша, доңгелек)? – Барлығы қанша кішкентай, үлкен фигуралар бар? – Қанша қызыл (көк, сары, жасыл ...) фигуралар бар? – Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні)? – Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар? – Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп? Жиынтықтауға арналған тапсырма. – Фигураларды қандай жиынтық топтарға бөлуге болады? | көп өсетінін түсінеді. 3-слайд. Шетен Қазақстанның орманды жерлерінде өседі. Моншақ тәрізді, қызыл түсті жемісі қыргүйек айында піседі. 4-слайд. Қызғалдақ – шөптесін өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі. 32 түрі бар, оның 11 түрі Қазақстаннан шыққан. Адамдар жұлып, таптап, түрлері құрып барады, сондықтан ол Қызыл кітапқа енгізілген. 5-слайд. Көкжидек – суық тау белдеулеріндегі орманда өсетін өсімдік. Құрамында дәрумендер көп. 6-слайд. Жусан Қазақстанда көп өседі. Оның таулы, шөлді жерде өсетін түрлері көп. Ұсақ гүлдері бар. Жусан – құнарлы мал азығы. Бір, екі жыл тіршілік етеді. Ол – дәрілік өсімдік. Ата-бабаларымыз жусанның қасиетін ертеден білген. 7-слайд. Бетеге далалық, шалғындық жерлерде, тау бөктерінде өседі. Сабағында жапырағы сирек орналасқан. Жапырақтары жіңішке | беру. Екінші: Мақалды аяқта – өткен іс-әрекетіміздегі мақалдарды есімізге түсіріп, жауап беру. Үшінші: «Ойлан, тап» ойынында суреттің жалғасын тауып, атын атау. Төртінші: «Өнерлі бала өрге жүзер» – суретте берілген ертегіден үзінді көру. |

**Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Дала» күйі Айбек Бекбосын**

**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,**







**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ауаның қасиеттері<br>**Міндеті:** Балаларды ауаның | **Көркем әдебиет**<br>Ақымақ қасқыр<br>**Міндеті: -** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ең тәтті дүние<br>**Міндеті:** -бақылаулар мен | **Музыка**<br>Жомарт өлкем<br>**Міндеті:** Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,жапсыру,мүсіндеу,құрастыру)**<br>Гүлдене бер, Қазақстан! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | касиеттерімен таныстыру. тәжірибе аркылы ауаның біздің айналамызды коршап тұрғанына **көздерін жеткізу**<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**жасайды:**ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады.<br>**түсінеді:**ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.<br>**колданады:**тәжірибеалдык жұмыстар жасау кабілеттерін пайдалана алады<br>**Педагог жұмбақ жасырады**: Мұрнынан кеудеге өтеді, Одан кері кетеді. Өзі көзге көрінбейді. Онсыз өмір сүрілмейді. Жауабы: ауа. – Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды. өсімдіктер өспейді. – Өсімдіктер де тыныс алады. оны біз сезбейміз. Таза ауа – біздің денсаулығымыздың басты кепілі. Өкінішке орай, көліктердің. зауыт, фабрикалардың ауаға шығаратын түтіндері ауаны ластап, табиғатка, адамзатка зиян тигізуде. Лас ауа жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті. Барлық зауыт. фабрикаларға зиянды калдықтарды жинап, ұстап калатын. ауаға жібермейтін арнайы кондырғылар орнату кажет. Таза ауаны сактау – өте маңызды мәселе. Балаларға мұрнымен ауаны ішке тарту ұсынылады. – Балалар. мұрын аркылы ауа біздің өкпемізге өтеді. Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа кайтадан ауыз немесе мұрын аркылы сыртка шығады. Ойын «Ауа зертханасы». Ойынға Қырағы мен Желаяк катысады. Сергіту сәті: «Шар үрлеу» (QR-код аркылы косымшаны жүктеу). Желаяк пен Қырағының пайымдаулары: «Шар әуеге ішіне ауа толтырылғандыктан ұшады». Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Көрсетілген тәжірибелерді Қырағымен бірге орында және корытынды жаса. | Сахналык койылымға катысуын ынталандыру. Тіл байлығын арттыру. Кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұнын эмоциямен кабылдай алады;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: сюжет бойынша ертегіні сахналауға катысады<br>**Ойын жағдаяты –** Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, ертегілер әлеміне саяхат жасайыкшы. Қиялдап. көз алдымызға елестетейік. Енді көздеріңді ашыңдар. – Қандай ертегілерді көз алдымызға елестеттік? Слайдтан ертегілердің суреттері көрсетіледі. Педагог балаларға жұмбак жасырады. Жол бойында жорткан, Сыбызғысын тарткан. (Қаскыр) – Қаскыр кандай аң? Қаскыр туралы кандай ертегі білесіңдер? – Балалар, бүгін біз | суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады:<br>**Түсінеді:** хайуанаттарға камкорлық көрсету керек екенін;<br>**Қолданады:** дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады<br>«Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау.<br>Жаңылтпаш жаттау<br>Педагог жаңылтпашты кайталау аркылы балалардың тілін жаттықтырады<br>Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай? | тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**шығарманы тыңдайды. сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыкаға сәйкес қимылдар орындау.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды. ойынға катысады<br>Музыка тыңдау: «Аскақта. Астана» (А. Әлиев)<br>Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>Билер:<br>«Асатаяқ биі» (кыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін» | **Міндеті:** - балалардың коршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазакстанның кең байтак екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту:<br>- Сазбалшық. ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.<br>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру. жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп аткару<br>- Дайын үлгілермен және карапайым сызба бойынша жұмыс істеу. бейнені кескіні бойынша кию үшін кайшыны колдану.<br>**Мақсаты:**- Сюжеттік композицияларды салдырып.мүсіндепп,жапсырып,құрастыру<br><br>**Топтық жұмыс** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: өріс – мал жайылатын шөбі қалың жер ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? – Қой қандай жануар? Ал қасқыр қандай аң? – Ертегі кейіпкерін сипаттайық. Ертегі қалай аяқталды? Тіл ұстарту жаттығуы: Ыр-ыр-ыр – ырылдайды қасқыр. | | | |

| Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ» |
|---|





-Қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету (1, 2, 3-қосымша):
Сәлемдесу және өзін сабырлы (байсалды) таныстыру.
• Мекенжай мен оқиға орнын көрсету. • Жағдайды сипаттау (не болғанын, қандай қауіп бар екенін, зардап шеккендер бар ма, жоқ па және т.б.).
• Оператордың сұрақтарына жауап беру. Оператордың нұсқауларын орындау.
Қоңырауға дейін және қоңыраудан кейінгі тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін талқылау: • Оқиға орнында болу (егер бұл қауіпсіз болса). Оператор айтпайынша, телефон тұтқасын қоймау. • Оператордың нұсқауларын орындау және мүмкін болса, көмек көрсету. Бекітуге арналған тапсырмалар: Әртүрлі жағдайлар үшін қоңырау скриптерін құрастыру. Мысалы: үйдегі өрт. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.

Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру: «Есте сақта!»

| | |
|---|---|
| Өрт күзеті | 101 |
| Полиция | 102 |
| Жедел жәрдем | 103 |
| Төтенше газ қызметі | 104.112 |
| Бірыңғай құтқару қызметі | 112 |
| «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста.<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды.<br>- «111» нөмірі – тәулік бойы ПД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста. | 111 |

**Пайдалы сілтемелер:**
https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-lij https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp
https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7I WQuIA-hK_6ODD&index=1

## 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>Біздің айналамыздағы әлем<br>**Міндеті: -** гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** баяу қарқынмен 2 минут жүгіру. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіру (30 см). Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) | **Музыка**<br>Гүлдене бер, Нұр-Сұлтан<br>**Міндеті:** -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, жеңіл, шырақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын, ережелерін.<br>**Қолданады:** халық би қимылдарының элементтерін, музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды.<br><br>Музыка тыңдау: | **Дене тәрбиесі**<br>Африкаға саяхат<br>**Міндеті:** - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту<br><br>Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады | **Қазақ тілі**<br>Арыстан<br>**Міндеті:** Сөздік қор.<br>-Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге баулу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Арыстан – жыртқыш аңдарға жататынын біледі: ;<br>**Түсінеді:** Ертегіні тыңдап ойын қосты, жұмбақты шешті;<br>**Қолданады** Атауын айтты, әріптерді толықтырды, талдау жасады:<br><br>Біз аңдарға саяхат жасап, зерттейміз. | **Дене тәрбиесі**<br>Құрлықтар бойынша саяхат<br>**Міндеті: -** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыру.<br>Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүру. Білектері мен тізелеріне таянып, поролон модульдерді аттап еңбектеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | домалату. Гимнастикалық кабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу.<br>**Түсінеді:** сенсорлы-моторлы үдерістерді жүзеге асыру арқылы сенсорлы және қимыл-қозғалыстарының дамуына мүмкіндік жасау керектігін.<br>**Қолданады:** қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын күнделікті өмірде колданады; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын білдіреді, адамдарға қайырымды болуға тырысады<br>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту.<br>Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару [illegible] (4 рет) | **«Асқакта, Астана» (А. Әлиев)**<br>**Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)**<br>**«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>**«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)**<br>**«Құстар» (Т. Ломова)**<br>**Билер:**<br>**«Асатаяқ биі» (қыздар)**<br>**(«Билеп үйренейік» жинағынан)**<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«Мен күйшімін»** | | **- Қанекей, балалар, сендерге дыбыстарды естіртемін, сендер ол ненің дыбысы екенін тауып**<br>**көріңіздерші.**<br>**-https://zvukogram.com/category/jivotnyie/**<br>**- Аю, түлкі, қасқыр, піл, қоян, жылан, жолбарыс, кеРік, кірпі, арыстан.**<br>**- Жарайсыздар, балалар! Ең соңғы арыстанның дауысы екен.**<br>**- Арыстан ол қандай жануар? Арыстан қандай мінез-құлықпен сипаттауға болады?** ***(Балалар жауап беруге қиналатын болса, көмектесіп жіберу. Мысалы, қорқақ па, батыр ма, сабырлы***<br>***ма, шыдамсыз жануар ма?)***<br>**- Ол қайда мекендейді?**<br>**- Орманнан басқа тағы қайда болуы мүмкін? Орманды күзетіп, оның қауіпсіздігіне жауап беретін кім екен? Күзетші ме әлде орманшы ма?**<br>**2. Сөйлем құрастыру.**<br>**Орманшы не істейді?**<br>Орманшы қорғайды<br>Орманшы күзетеді<br>Орманшы қамқор болады<br> | **Түсінеді:** допты екі қолмен бастан асыра қалай лақтыру тәсілін; допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалай қалыптастыру керектігін<br>**Қолданады:**<br>арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруді Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру.<br><br>Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»<br>Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| | | | | | |
| **Серуен** | Күнді бақылау<br>Мақсаты: Балаларды табиғат | Ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: күзгі табиғат | Шықты бақылау<br>Мақсаты: Балаларды | Күзгі аспанды, бұлтты бақылау<br>Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы | Аула тазалаушыны бақылау<br>Мақсаты: Балаларға аула |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру.<br>Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күйі көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.<br>Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау: күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды<br>(күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп (күн)<br>**Жеке жұмыс**:<br>Көркем сөз:<br>Күз де келді, күз келді<br>Күдерін жаз үзгенді<br>Күз де келді, күз келді<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді<br>Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев<br>Қимылды ойын: «Қоңыздар»<br>**Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.<br>**Еркін ойындар**<br>**Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету | құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру.<br>Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту.<br>Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз:<br>Үшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді<br>Аспанда жай шатырлап<br>Тамшы жерге секірді<br>Тақпақ:<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Қозғалмалы ойын: «Өз жұбыңды тап»<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту<br>**Алаңдағы еңбек**: «Кім көп жапырақ жинады?»<br>**Еркін ойындар**<br>**Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету | табиғат құбылысы шықпен таныстыру.<br>Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсыңдар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.<br>Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ:<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді.<br>(Шық)<br>Таңертең бар, кешке жоқ<br>Кеш түгелі түсте жоқ<br>Мен әдемі моншақпын<br>Ірі емеспін, ұсақпын,<br>Мойнына еңкім таға алмас (Шық)<br>Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»<br>**Алаңдағы еңбек**: қураған өсімдіктерді жинау.<br>**Еркін ойындар**<br>**Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету | түсінік беру: аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.<br>Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ашық).<br>Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)<br>Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақтар:<br>Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді.<br>Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр)<br>Күндер қысқарады, түндер ұзарады<br>Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)<br>Жұмбақ:<br>Көлігі жоқ, көшеді,<br>Өзін кезбе деседі. (бұлт)<br>Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».<br>**Алаңдағы еңбек**: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)<br>**Еркін ойындар**<br>**Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету | тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге.<br>Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз:<br>Қамымызды ойлайды<br>Тазалайды жинайды<br>Құрметтейміз бәріміз<br>Тазалықшы ағайды<br>Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?<br>Аула тазалаушы қандай еңбек етеді.<br>Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?<br>Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе?<br>Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?<br>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.<br>Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»<br>Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.<br>**Еңбек** алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау<br>**Еркін ойындар**<br>**Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету</td></tr>
<tr><td>Балалармен жеке жұмыс</td><td>Болганбек Ұлагат<br>Дид ойын:«Өзім және отбасым»<br>Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.</td><td>Алтай Айзере<br>Дид ойын: «Құстар біздің досымыз»<br>Мақсаты: Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға камқорлықпен карауды біледі.</td><td>Қайратұлы Ермұхаммед<br>Дид ойын:«Нан дастарханға қалай келеді?»<br>Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді.</td><td>Қайрат Айгерім Жамбылқызы<br>Дид ойын:«Суретші қай жерде қателесті?»<br>Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады.</td><td>Қанат Назерке<br>Дид ойын «Әдемі гүл»<br>Ойынның мақсаты: Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады.</td></tr>
<tr><td>Балалардың іс- әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу,дербес және басқалары)*</td><td>Аз қимылды ойын<br>:«Кім алысқа»<br>Мақсаты : Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br><br>Ойын шарты: Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеткен баланы жеңімпаз ретінде таниды.<br><br></td><td colspan="2">Сюжетті-рөлді ойын:<br>« Құрылысшы »<br>Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.<br>Тәрбиешінің іс-әректі:<br>Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br></td><td colspan="2">Қаржылық сауаттылық<br><br>«Банк» сюжетті-дидактикалық ойын<br>Мақсаты: банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету.<br>Материал: ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар.<br>Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері өз орындарына отырады. Қалған балалар-клиенттер болады.<br>Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады.<br>Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны [illegible] терезедегі ақшаны алады.<br>Сондай-ақ, банкте басқарушы бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, оларды жұмыс істеуге ынталандырады. Ойын барысында әртүрлі жағдаяттар ойналады</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйге қайтуы</td><td colspan="5">Өнегелі 15 минут<br>Ата-аналармен әңгіме<br>Енді баланы дос болуға үйрету үшін бірнеше пайдалы кеңестер:<br>1. Егер бала ойыншықтармен бөлісуге дайын болса, онда сіз оған құмсалғышты ойынға шақырып, жеке ойыншықтармен бірге ойнауды ұсынуыңыз керек.<br>2. Балаңызға басқа балаларды сізге қонаққа шақыруға рұқсат етіңіз. Үйдегі жағдай достық қарым-қатынастың дамуына жағымды әсер етеді.</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

3. Балаңызға өзін – өзі ирониялауға үйретіңіз-бұл жағдайда ол ренжімейді және оның мекен-жайына жағымсыз нәрсе естігеннен кейін жыламайды

Тексеріді: